

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 28 ақпандағы № 11/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 наурызда № 5731 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 13.09.2021 № 56/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 және 139-баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 13.09.2021 № 56/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Аудан әкімдігінің 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 17/02 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3758 болып тіркелген, "Әділет" акпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 16 мамырда, 2016 жылғы 14 мамырда № 19 (7503) "Сельский труженик" аудандық газетінде жарияланған) қүші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осакаров ауданының әкімі

Н. Кобжанов

Осакаров ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 28 ақпандағы
№ 11/01 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 08.08.2024 № 67/03 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің менгерушісі;

2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;

3) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

4) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

5) бухгалтер.

2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (директоры);

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының (директорының) орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;

4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бас бухгалтері;

5) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бөлімінің басшысы;

6) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бас әкімші;

7) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның кітапхана менгерушісі (басшысы);

8) әкімші (негізгі қызметтер);

9) аккомпаниатор;

10) балетмейстер;

11) библиограф;

12) кітапханашы;

13) дыбыс режиссері;

14) барлық атаудағы инженер (негізгі қызметтер);

15) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер);

16) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);

- 17) музикалық жетекші;
 - 18) редактор (негізгі қызметтер);
 - 19) режиссер;
 - 20) қоюшы режиссер;
 - 21) хореограф;
 - 22) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);
 - 23) бухгалтер;
 - 24) барлық мамандықтағы инженер;
 - 25) инспектор;
 - 26) аудармашы;
- 27) мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлімшениң жетекшісі: шаруашылық;
- 28) костюмер;
 - 29) жарық аппаратурасы бейне жазба, дыбыс жазба операторы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК